

6D010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ерданова Гулширин Серикбайқызының «Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертацияға

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША СЫН ПІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	Диссертацияның ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі аталмыш жұмыстың 7 -ші және 8 -беттерінде көрсетілген: 1) Қазақстан Республикасының 2019 жылғы «Педагог мәртебесі туралы» Заңы; 2) Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы; 3) Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	Докторант Г.С. Ерданованың докторлық диссертациясы Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдаманың күтілетін нәтижесі ретінде «жаттықтырушы, жаттықтырушы-оқытушы мамандығының беделін арттыру» -деп анықталған мемлекеттік бағдарламаның міндетін шешуге бағытталған.
		3) диссертация Қазақстан	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының

		Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия 2023 жылы бекітілген 2023-2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басым «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына және Мамандандырылған «1. ХХІ ғасырдағы білім, ғылым, мәдениет және спорт мәселелерін іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеу» ғылыми бағытына сәйкес келеді.
2	Ғылыми маңыздылығы	2.1 Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады.	Докторант Г.С. Ерданованың диссертациялық жұмысындағы имидждік құзыреттілікті мәселесінің болашақ дене мәдениеті педагогын қалыптастыру өрісінде қарастырылуы <i>дене мәдениеті және спорт ғылымы мен практикасына елеулі үлес қосады.</i> Диссертацияның теориялық және практикалық маңызыдылығы «болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігі» ұғымдарының мәні мен мазмұнын нақтылаумен; болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделін және әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін тәжірибелік сынақтан тексерумен ашылған.
3	Өзі жазу принципі	3.1 Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары.	Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары: 1) Жұмыстың теориялық және эксперименттік бөлімдерінде тақырып бойынша отандық және шетелдік теориялар мен тәжірибелер талданған. 2) Әртүрлі деңгейдегі

			басылымдарда 2019 жылдан бастап тақырып аясындағы ғылыми нәтижелері 10 зерттеу жұмысында жарияланып, 1 авторлық құқықты растайтын куәлік алынған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ;	Диссертация өзектілігі негізделген. <u>Өзектілік байланыстырылған:</u> 1) Қазақстан Республикасының 2019 жылғы «Педагог мәртебесі туралы» Заңымен анықатлаған педагогтың ерекше мәртебесінің танылуымен; 2) болашақ дене мәдениеті педагогына қойылатын жаңа талаптармен; 3) мемлекеттің бағдарлама мен заңнамалық құжаттардағы анықталған міндеттермен; 4) заманауи тұрақсыздық қоғамдағы жағдайдағы педагог беделін арттырумен; 5) болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және практикалық маңыздылығымен; 6) зерттеу тақырыбы бойынша қарама-қайшылықтармен; 7) Қазақстанда дене шынықтыру және спорт саласындағы өзгерістермен.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды;	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) тақырыпқа сәйкес 1-ші бөлімде «болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігі» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланып, мәселе теориялық тұрғыда негізделген; 2) тақырыпқа сәйкес болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігінің

			<p>құрылымы, болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделі 2-ші бөлімде жасалған; 3) тақырыпқа сәйкес 3-ші бөлімде болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді бағдарламасы әзірленіп, оның тиімділігі эксперименттік жұмыстармен дәлелденген.</p>
		<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u></p>	<p>Қадамдық сұрақтар ретіндегі міндеттер болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделін құру және эксперименталды түрде сынақтан өткізу мақсатына диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u></p>	<p>Диссертацияның үш бөлімі мен олардың құраушылары ретіндегі 8 бөлімше бір-бірімен сабақтасып мазмұндалып, ішкі бірлікті, үйлесімді өзара шарттастықты, логикалық байланысты көрсетеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдер мен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u></p>	<p>Зерттеудің тақырыбына және әдіснамалық бағдарына сәйкес қорытылып шығарылған авторлық тұжырымды ойлар, жаңа тұрғыдағы шешімдер, зерттеу әдістері ғылыми танымның жоғары дәрежедегі амалы-____сыни талдаудың нәтижесі бола алады.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа.</u></p>	<p>Бірінші: Болашақ дене мәдениеті педагогінің имидждік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша қазақстандық және шетелдік ғылыми философиялық,</p>

			<p>психологиялық-педагогикалық және арнайы зерттеулерге жүргізілген талдау қағидат ішінара жаңа.</p> <p>Екінші: Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігі – субъектінің жеке тәжірибені өзіндік жобалаудың және өзіндік жетілдірудің күрделі жүйесін көрсететін, бастамашылдықты, ұтқырлықты, адамның өмірлік оптимизмін, жұмыс істеуге және жаңашылдыққа деген ұмтылысты, басқалармен тұрақты және үйлесімді қарым-қатынас құрудың тиімді әдістер мен құралдарды меңгере отырып, өзінің кәсіби шеберлігін сәтті жүзеге асыруын басқара білуге дайындығы қағидат толығымен жаңа.</p> <p>Үшінші: Болашақ дене мәдениеті педагогінің имидждік құзыреттілігін қалыптастыру үрдісінің бөлімді (басқару, әдіснама, мазмұн және нәтиже) құрылымдардың белгілі бір жиынтығын қамтитын жобаланған моделі қағидат толығымен жаңа.</p> <p>Төртінші: Теориялық, психологиялық және цифрлық бөлімдерден («Заманауи дене мәдениеті педагогының имиджі» элективті курсы, тренинг залы, педагогтің виртуалды зертханасы және вебинарлар) тұратын «Болашақ педагог имиджінің шеберханасы» әзірленген кешенді бағдарламаның мазмұны қағидат толығымен</p>
--	--	--	--

			жаңа
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа.</u>	Диссертациялық жұмыста әр бөлім бойынша түйін және жалпы қорытынды жасалған. Олардың мазмұны диссертацияның 13-14 беттерінде нақтыланып, қысқаша берілген ғылыми жаңалықтары мен түйінделген қағидаттарын қамтиды. Оларды біз қысқаша түрде 5.1. пунктінде нақтыладық. Сондықтан диссертация қорытындыларын жаңа деуге болады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа.</u>	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <u>толығымен жаңа.</u> Бұл педагогикалық-психологиялық эксперименттік жұмыстар нәтижесін Уилкоксонның t-критерийімен өңдеп, көрсеткіштерді сызба, сурет, диаграмма түрінде түрлендірумен расталады.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6.1 Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative reserch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертация мазмұнындағы барлық қорытынды тұжырымдар теориялық, әдіснамалық тұғырлардың негізінде ғылыми таным тұрғысынан ауқымды теориялық және эксперименттік зерттеулердің түсіндірмесімен дәлелдемелерде негізделген деуге болады.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	7.1 Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u>	7.1 Қорғауға ұсынылатын барлық негізгі қағидаттар теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерімен <u>дәлелденген.</u> Ауқымды ғылыми ақпарат, эксперименттік жаңа деректер арқылы әр қағидат негізделіп, дәлелденген.

		<p>7.2 Тривиалды ма? 2) <u>жок.</u></p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия;</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 3) <u>кең.</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия;</u></p>	<p>7.2 Қорғауға ұсынылған әр қағидатқа өзіндік түпнұсқалық, бірегей жаңашылдық тән. Сондықтан қорғауға ұсынылатын қағидаттар <i>тривиалды емес.</i></p> <p>7.3 Осы кезге дейін дене шынықтыру және спорт ғылымдарында болашақ дене мәдениеті педагогінің имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделі мен мазмұны бойынша ғылымтаным, білім, тәжірибе салаларында ғылыми нәтижелер алынып, қағидаттар тұжырымдалмаған. Сондықтан қорғауға ұсынылған <i>қағидаттар жаңа деуге болады.</i></p> <p>7.4 Тұжырымдалған қағидаттар болашақ дене мәдениеті педагогінің имидждік құзыреттілігін қалыптастыру мазмұнына ғана емес, жалпы қазіргі заманауи педагогтердің имидждік құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық та, практикалық та тұрғыдан зерттеуге және оңымен бағдарлап, дамытуға бағдар бола алады. Сондықтан диссертациялық зерттеу бойынша негізделген қағидаттарды кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Диссертация тақырыбымен 10 ғылыми еңбек жарияланған және авторлық құқықты растайтын 1 куәлік алынған. Бұл еңбектерде диссертациялық зерттеу нәтижелері жинақталып, қағидаттар дәлелденген.</p>
8	Дәйектілік	8.1 Әдістеменің	Диссертациядағы

<p>принципі дереккөздер мен қсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>таңдауы негізделген әдіснама жазылған: 1) <u>ия</u>;</p>	<p>- немесе нақты әдістемелердің таңдалуы методологиялық бағдарға сәйкес негізделіп, нақтыланып жазылған. Себебі: диссертация мазмұнының барлық бөлімдері мен бөлімшелерінде таңдалынған теориялық зерттеудің әдістеріі негізді түрде толымды қолданылған. Зерттеу мәселесінің теориялық негіздері нақты айқындалған әдіснамалық тұғырлар (құзыреттілік, тұлғаға бағытталған, контекстік, белсенділік және синергетикалық тәсілдерді) жиынтығы болып табылады. Ал, 3-бөлімде ұсынылған эмпирикалық әдістемелер кешені нақтыланып, жазылған.</p>
<p>8.2</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>;</p>	<p>Диссертация жұмысында компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған: 1) ғылыми-теориялық нәтижелер кестелер, ажыратып көрсету бойынша түрлендіріліп, бейнеленген; 2) эмпирикалық мәліметтер, деректер Уилкоксонның t-критерийі арқылы математикалық-статистикалалық жолмен сандық және сапалық түсіндірілген.</p>
<p>8.3</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен</p>	<p>Болашақ дене мәдениеті педагогінің имидждік құзыреттілігін қалыптастыру моделі мен мазмұны бойынша жасалған теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар Қазақ спорт және туризм академиясының</p>

		дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ;	140 студентке жүргізілген 3 түрлі диагностикалық әдістемелермен эксперименттік зерттеу арқылы толымды және ғылыми-әдіснамалық мәдениет тұрғысынан дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды дәлелдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер мен <u>расталған</u> .	Диссертацияда қорытылған маңызды тұжырымдар, ғылыми нәтижелер, маңызды қағидаттық мәлімдемелер отандық және шетелдік, классикалық және заманауи сенімді ғылыми әдебиеттерге жасаған сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/ жеткіліксіз</u> .	Докторант зерттеуде 209 әдебиеттер тізіміне сілтеме жасаған. Бұл зерттеу тақырыбына сәйкес тың, жаңа ғылыми нәтижелер алуға және ғылыми қағидаттарды тұжырымдап, негіздеуге жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ;	Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер, тұжырымдалған қағидаттар мен қорытындылар 1) болашақ дене мәдениеті педагогінің имидждік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша дене шынықтыру және спорт саласының таным-білім негізін қордаландырады; 2) болашақ дене мәдениеті педагогінің имидждік құзыреттілігі мәселесіне қатысты имидж концепцияларын кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді; 3) диссертация нәтижелері пәнаралық

			зерттеулердегі жаңа идеяларға арқау болады; 4) теориялық және эмпирикалық зерттеудегі авторлық позициялар, мәнерлер басқалардың ғылыми ізденістеріне бағыт береді. Бұлар диссертацияның теориялық маңыздылығын айқындайды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ;	Диссертация практикалық нәтижелерінің жоғары оқу орнының оқу жоспарына таңдау компоненті ретінде «Заманауи дене мәдениеті педагогі имиджі» элективті курсты, сонымен қатар зерттеу барысында жинақталған материалдарды пән мазмұнына енгізуде; ЖОО-ның институт көлемінде болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі төңірегінде оқытушыларға арналған семинарлар мен дәрістер циклын ұйымдастыруда практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ;	Диссертацияда алынған эмпирикалық нәтижелер, «Дене мәдениеті педагогының заманауи имиджі» элективті курсы, «Болашақ педагог имиджінің шеберханасы» кешенді бағдарламасы толығымен жаңа практикалық ұсыныстарға негіз бола алады.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық сапасы: 1) <u>жоғары</u> ;	Жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған. Диссертацияның жазу және рәсімдеу сапасы академиялық жазылымға сәйкес және жоғары.

Шешім: «6D010800-Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Г.С.Ерданованың «Болашақ дене мәдениеті педагогының имидждік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы мазмұны мен ресімделуі бойынша ішкі бірлігі мен тұтастығы бар толық ғылыми зерттеу болып табылады және оның авторы «6D010800 - Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайық.

Ресми рецензент: Қазақ
Ұлттық аграрлық зерттеу
университеті педагогика
ғылымдарының кандидаты



Туякбаева М.Ш.

20.06.2024